



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

3. Психологическая энциклопедия. Под ред. Р. Корсини, А. Ауэрбаха. М.: "Академия", 2002. - 205 с.;
4. Краткий психологический словарь. Под общ. Ред. А.В. Петровского, М.Г.
5. Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности, - М.: 1994. - с.7811. Словарь - справочник по социальной работе / Под ред. д-ра ист. наук проф. Е.И. Холостовой. - М.: Юристъ, 2007. - 198 с.;

УДК 343.1

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕССТІК КОДЕКСКЕ СӘЙКЕС ПРОКУРОРДЫҢ РӨЛІ

Тамаев Ерқанат Ермаханұлы

erkanat.tamaev@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Құқықтану» мамандығының
1-курс магистранты.

Ғылыми жетекші - з.ғ.д., профессор Сматлаев Б.М.

Процесс прокуроры Прокурордың қадағалауды жүзеге асырған кезіндегі өкілеттігі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2709 Заңында регламенттелген. [1]

ҚР ҚПК 7-бабының 35) тармақшасына сәйкес процесс прокуроры – прокуратураның басшысы осы Кодекске сәйкес қылмыстық іс бойынша заңдардың қолданылуын қадағалауды жүктеген прокурор. [2]

ҚР ҚПК-ге сай процесс прокуроры – бұл тек сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалайтын прокурор ғана емес, ол сотқа дейінгі іс жүргізуге басшылық етеді, қылмыстық қудалауды іс жүзінде жүзеге асырады.

Әрбір қылмыстық іс бойынша процесс прокурорын прокуратура органының басшысы тағайындайды. ҚР ҚПК-нің 58-бабының 5-бөлігіне сәйкес прокурор өзінің процесстік өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде тәуелсіз болады және заңға ғана бағынады. Процесс прокуроры қылмыстық іс бойынша іс жүргізілетін уақыт бойы ауыспайды және кейін қадағалаудағы қылмыстық іс бойынша айыптауды сотта қолдауға тиіс. Процесс прокурорының өкілеттіктері мынадай: қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды қабылдау мен тіркеуде заңдылықтың сақталуын тексереді, осындай өтініштерді тіркейді; тергеу әрекеттерін жүргізген кезде қатысады, оқиға орын алған жерді қарап-тексеруден бастайды, қылмыстық әрекеттерді жүргізу туралы жазбаша нұсқаулар береді, тергеушінің, анықтаушының заңсыз шешімдерінің күшін жоюға, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға құқығы бар; процесстік келісімдерге бастамашылық етіп, жасайды. [3]

Атап айтқанда, Процесс прокурорының қадағалауды ұйымдастыруы жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес прокуратура органының басшысы мынадай:

1) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамдар жасаған, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшылары мен олардың орынбасарлары жасаған жемқорлық; 2) ауыр және аса ауыр санаттағы; 3) азаптау; 4) қоғамдық үлкен резонанс тудырған; 5) терроризм және экстремизм фактілері бойынша; 6) құқық қорғау және арнауы органдардың қызметкерлері жасаған; 7) арнайы прокурорлар тергеп-тексеріп жатқан қылмыстар бойынша процесс прокурорын айқындауға құқылы. Процесс прокуроры институты сотта мемлекет мүддесін білдірудің тиімділігіне әсер етеді, бұл ретте ол іс бойынша дәлелдер базасын сотқа дейін қалыптастырады. Процесс прокуроры тергеп-тексеруге қатысуға уақыт жұмсағанымен, сотта істі зерделеген кезде уақыт жағынан ұтады. Сот процесін алатын болсақ, процесс прокуроры іс материалдарын білуінің арқасында дәлелдемелерді көбірек келтіреді де, бұл өз кезегінде қылмыстық істі объективті қарауға оң әсерін тигізеді

Прокуратура органдары жаңа қылмыстық-процестік кодекстің қолданысы аясында жаңа өкілеттіктерге ие болып қана қоймай, сонымен қатар оларға жаңа жауапкершілік жүктелді. Прокурорлардың барлық дерлік қылмыстық әрекеттерді жүргізу кезінде (айып тағу және т.б.) бірге жүру қажеттігі социумның прокуратура органдары жайлы түсінігінің өзгеретінін білдіреді. Ендігі жерде олар заңдылықты, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтаушы органдар ретінде емес, қылмыстық процесс қатысушыларының түрлі санаттарына қатысты репрессиялық функциялар орындауға мәжбүр болатын қылмыстық қудалау органдары ретінде ұғынылады. Қарсы дәйектемелер

1. Процесс прокурорын күрделілігі жағынан бірдей көптеген істер бойынша тағайындайтын жағдайлар іс жүзінде жиі кездесіп жатады. Бізге ҚР ҚПК-ден айқын болып отырғандай, процесс прокуроры ауыр, аса ауыр және резонансты істер бойынша тағайындалуға тиіс. Алайда іс жүзінде олай емес...

2. Тергеуші мен прокурордың өкілеттіктерінің аражігі ажыратылмаған. Прокурор қылмыстық істің барысына өзі басшылық етеді, қылмыстық теріс қылық жөніндегі хаттаманы бекітіп, істі сотқа жолдайды және мұндай жағдайда тергеушінің қылмыстық процестің қатысушысы ретіндегі рөлі жоққа шығады.

3. Прокуратура органының басшысы мен процесс прокурорының функциялары нақты ажыратылмаған. Бұл істі тергеп-тексеру сатысында процес бойынша өкілеттіктерді жүзеге асыруды қиындата түседі.

4. Бұған қоса, ҚР ҚПК-нің бірде бір нормасында процесс прокуроры деген ұғым келтірілмейді. Сонымен қатар, ҚР ҚПК-нің 58-бабының 4-бөлігінде («Прокурор») істі сотқа дейін тергеп-тексерген және сотта қараған кезде прокурордың өкілеттіктері реттелетін баптар тізбесі келтірілген. ҚР ҚПК-нің 30-бабына және 58-бабының 4-бөлігінде көрсетілген 7 тараудың ережелеріне жасалған талдау процесс прокуроры мен қадағалаушы прокурордың екеуі бір деп пайымдауға негіз бола алады. Қылмыстық процестің тиісті қатысушысын «процесс прокуроры» ретінде белгілеу идеясымен келісер болсақ, онда сотқа дейінгі іс жүргізудегі прокурор қызметінің регламентациясы бар өзге баптарда осы қатысушы «процесс прокуроры» деп неге аталмайды? әлде ол басқа прокурор ма? деген заңды сұрақтар туындап жатады.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарында адамның және азаматтардың конституциялық құқын шектейтін барлық тергеу қызметі жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына біртіндеп беруді қамтамасыз ету арқылы сотта айыпталушы және қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету қажеттігін басып айтқан болатын. [4]

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында қылмыстық сот ісіне тартылған азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету сот-құқықтық реформаны дамыту жолындағы басты бағыттардың бірі ретінде көрсетілген. Себебі Конституцияға сай ең жоғары құндылық адамдардың құқықтары мен бостандықтары болып табылады. [5]

Сотқа дейінгі тергеуде заңдылықты қадағалау

Соңғы жылдардағы сот-құқықтық реформасы қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндірістің құрылысы мен тәртібін айқындайтын ұйымдастырушылық және құқықтық құрылымдардың модернизациясы үшін түрткі болды. Онымен қоса жаңартылған қылмыстық-процестік заңнама қылмыстық істер бойынша алдын-ала өндірістің «көне ржеимін» сақтай отырып, бірінші кезекте сот сатыларын халықаралық стандарттардың сәйкестігіне итермеледі.

Процессуалды құқық әзірге дейін сотқа дейінгі өндірістің түзу құрылымына келе алмай жатыр, себебі ҚПК-ні құрастырушыларда аталған мәселелер бойынша толықтай түсінік жоқ және елде тергеп-тексеру аппаратының қызметкерлерінің тәжірибесі жоқ. Мұндай мемлекетте және процессуалдық ғылымда қылмыстық сотқа дейінгі өндірістің рәсімдік және

ұйымдық-құқықтық (функционалдық) тұжырымдамасының болмауы жағдайында мүмкін болды. Тергеу қызметіндегі қылмыстарды тергеудің алғашқы кезеңінде жол берілген қателер мен кемшіліктер іс бойынша ақиқатты анықтау үшін ауыр салдарларға әкелетінін ескеру қажет.

Прокурорлық қадағалау жалпы мемлекетте және атап айтқанда сотқа дейінгі өндірісте заңдылықты қамтамасыз етудің кепілдіктерінің бірі болды және солай болып келеді. Осылайша, «Прокуратура туралы» ҚР заңының 37-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңнамамен бекітілген тәртіпті сақтауды, арыздар мен жасалған қылмыстар туралы хабарламаларды шешуді және тергеуді жүргізу бойынша функцияларды жүзеге асырады» [6].

Прокурордың өз құзыреті шегіндегі нұсқаулары жазбаша нысанда беріледі және анықтау мен тергеуді жүргізетін тұлға үшін міндетті.

Прокуратура органдары өз құзыреті шегінде қадағалаудың бұл саласында құқық қорғаушылық және қадағалаушылық функцияларды жүзеге асырады, сонымен қатар, қылмыстық қудалау мен құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру функцияларын жүзеге асырады.

Кез-келген қызмет ұйымының маңызды бағыттарының бірі – жақсы ұйымдастырылған бақылау (қадағалау). Бұл әсіресе қылмыстық сот өндірісі саласында өзекті болып табылады. Мұнда адам және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделеріне тікелей әсер ететін өте жауапты шешімдерді қабылдау мен жүзеге асыру жүреді.

Қазіргі уақытта прокурордың қатысуы туралы соттар қараған қылмыстық істердің саны ғылыми әдебиеттерде әр түрлі пікірлер айтылады. Сонымен бір нүктеде көру, прокурор - бұл ғана емес, мемлекеттік айыптаушы, ол орындайды, және басқа да, әлдеқайда маңызды функцияны мемлекеттің мүддесіне өкілдік ету және қорғау, белгісіз бір тобының

мүддесін, жеке және заңды тұлғалардың Осыған байланысты жақтастары осы ұстанымды қажет деп есептейді барынша ұлғайтуға әсері прокурордың заңдылықты нығайтуға жүзеге асыру кезінде сот ісін жүргізу.

Басқа көзқарас, прокурор - бұл қылмыстық қудалау кезінде қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын сақталуын бақылау жүзеге асыру жүктелген. Мен мұндай пікірді қолдаушылар пікірінше, прокурор лауазымды тұлға ретінде мемлекетте белгісіз тобының құқықтары мен өкілеттігі қылмыстық сот ісін жүргізу барысында иеленуі мүмкін.[7]. Соңғы уақыттары қылмыстық процесте бақылаудың (қадағалаудың) бірнеше түрін – сот, прокурорлық және ведомстволық түрлерін үйлестіру қажеттілігі кең таралды. Бақылаудың аталған нысандары бір-бірін толықтырып және сақтандырып, қылмыстардың сәтті ашылуы мен оған кінәлілерді жауапкершілікке тартуды ғана емес, сондай-ақ, қылмыстық сот өндірісіне тартылған барлық тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына кепілдік ету керек.

Алайда бақылау (қадағалау) нысандарының мұндай үйлесімдері туралы нақты көріністер отандық қылмыстық процесс тарихында бірдей болмаған. Соңғы уақытқа дейін қылмыстық істерді қозғау және алдын-ала тергеп-тексеру кезінде бірінші кезекте прокурорлық қадағалауға үстемділік берілген және соттарды бақылау функциясынан дерліктей толық алшақтатып, ведомстволық бақылау белгілі мөлшерде берілген. Соңғылары өзінің бақылау уәкілеттіктерін қозғалған және тергелген қылмыстық іс олардың қарауына берілген кезден бастап бастады.

Осылайша, сот қадағалауының міндеті, орны, мәні және тиімділігі, оның прокурорлық қадағалау және сотқа дейінгі өндіріс сатысындағы ведомстволық бақылаумен оңтайлы үйлесуі қылмыстық сот өндірісі теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселелерінің біріне жатқызылады. Біздің ойымызша, тәжірибелік маңызды процестік шешімдер мен әрекеттер тізіміг, сонымен қатар онымен байланысты өткізілуі сот шешімінің негізінде рұқсат етілетін жедел-іздістіру шараларын құрастыру мәселесі анықтап зерттелу тиіс мәселелердің біріне жатады. Бұл тізімді қылмыстық-процестік заңнамада бір жағынан қылмыстарды ашу

бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету үшін, екінші жағынан қылмыстық процесс саласында азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін максималды түрде қорғау мақсатында болатындай етіп айқындау қажет.

Сот қадағалауының теориясы мен тәжірибесінің мәселелерін зерттеу сотқа дейінгі өндіріс сатысында қылмыстық қудалау органдары жүзеге асыратын заңсыз процестік шешімдер мен әрекеттерді, қамаққа алуды және оны ұзартуды сотпен шағымданудың жиналған тәжірибесінің негізінде заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу үшін үлкен ғылыми қызығушылық туғызады деп есептеледі. Белгілі процестік әрекеттер мен жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге санкцияны алу үшін сотқа жүгінудің қылмыстық-процестік тәртібі, соттың шешімді қабылдау рәсімі қамаққа алуға, оны ұзартуға және оны сотпен қарау мен шешуіне арыз және шағым беру кезінде пайда болатын құқықтық қатынастарды реттеу мен жүзеге асыруда көрініс тапқан кемшіліктерді де ескеру қажет. Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың басқа да заңсыз процестік шешімдері мен әрекеттеріне азаматтардың шағымдары бойынша сот тексерісін енгізумен байланысты мәселелерді шешу қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 Заңы.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.
3. ПРОЦЕССУАЛЬНЫЙ ПРОКУРОР - УЧАСТНИК УГОЛОВНОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА. ТАШИБАЕВА АЙМАН КАЗИСОВНА. Карагандинская академия МВД Республики Казахстан им.Баримбека Бейсенова.
4. 100 нақты қадам Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
6. Алексеев Н.Н. Введение в изучение права. -М., 1918.
7. Баев О.Я. Прокурор как субъект уголовного преследования. Научно-практическое пособие. М., 2006.

УДК 342.56

ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ГУМАНИЗАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТЫНЫҢ АЖЫРАМАС КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ РЕТІНДЕ

Тасов Алмат Альбертұлы

магистрант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - з.ғ.д, профессор Балтабаев К.Ж.

Халықтың құқықтық мәдениетін көтеру, заңды бағалайтын жоғары құқықтық мәдениетке иекұқықтық, азаматтық қоғамды құру және жетілдіру сұрақтары, гуманизм мен әділдік принциптері біздің мемлекетіміздің барлық құрылымдары мен топтарының өкілдерінің назарында болады. Президент «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында «әлемнің 30 дамыған еліне көшу кезінде бізге әділ бәсекелестік, әділеттілік атмосферасы, заңның үстемдігі мен жоғары құқықтық мәдениет қажет» деп атап өтті[1].

Мемлекет басшысы өзара байланысты үш міндеттің жүзеге асырылуына айрықша назар аударды: ұлттық құқықтың, заңның үстемдігінің және жоғары құқықтық мәдениеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.